Gazet - halyqtyń kózi, qulaǵy hám tili

Shet shuǵylasy

Shet aýdandyq qoǵamdyq-saıası gazeti | Gazet 1937 jyldan bastap shyǵady | beısenbi, 9 maýsym 2022 jyl №23 (11 013)

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың референдум қорытындысы бойынша Қазақстан халқына жасаған үндеуі

Құрметті отандастар!

Кеше елімізде айрықша мәні бар тарихи оқиға болды. Мемлекетіміз дамудың жаңа кезеңіне қадам басты. Ата заңымызға ұсынылған өзгерістерді азаматтардың басым көпшілігі қолдады. Референдум жоғары деңгейде өтті. Мұны халықаралық және отандық байқаушылар да айтып жатыр. Конституциялық реформалар қоғамда қызу талқыланды. Дауыс беру барысы демократия талаптарына сай өтті. Ешқандай мәжбүрлік болған жоқ. Референдум нәтижесі саяси жаңғырудың анық символына айналды. Азаматтарымыз зор жауапкершілік танытты және отансүйгіштік қасиетін паш етті. Біз Жаңа, Әділетті Қазақстанды құру жолындағы бірлігіміз бекем екенін көрсеттік. Конституциялық түзетулер мемлекеттігіміздің тұғырнамасын түбегейлі өзгертеді. Бүкіл қоғамның дамуына тың серпін береді. Референдумға белсене қатысып, қолдау білдірген барша халқымызға зор ризашылығымды білдіремін. Сондай-ақ, конституциялық өзгерістердің мән-маңызын түсіндіруге атсалысқан азаматтарға, түрлі қоғамдық ұйымдарға алғыс айтамын.

⇨2-ші бетте.

Референдум - халықтың үні

ЖАРҚЫН БОЛАШАҚҚА БЕТБҰРЫС

Ел тарихында маңызды оқиға 5 маусымда өткен референдум барлық өңірлерінде жоғары деңгейде өтті. Шет ауданының тұрғындары да референдумда өз таңдауларын жасап, белсенділік танытты. Дауыс беру учаскелері таңғы сағат 7.00-де ашылып, кешкі 20.00-ге дейін жұмыс істеді.

Аудан орталығындағы №728 сайлау учаскесіне келіп, өз таңдауын жасаған аудан әкімі М.Мұхтаров бүгін жалпы Қазақстан халқы үшін ұмытылмас тарихи күн. Себебі, айбынды Ата Заңымыздың үштен бір бөлігі өзгеруі мүмкін. Егемен еліміздің ертеңгі болашағы мемлекетіміздің дамуы, қоғамның өзгеруі әрқайсымыздың өз қолымызда. Мен бүгін сайлау учаскесінде өз таңдауымды жасадым, барша аудан тұрғындарын осынау маңызды тарихи қадамнан қалыс қалмауға шақырамын, - деді.

⇨3-ші бетте.

Облыс әкімінің жұмыс сапары

АУҚЫМДЫ ЖҰМЫСТАР САРАЛАНДЫ

Жуырда Қарағанды облысының әкімі Жеңіс Қасымбек Ақадыр кентінде арнайы іс-сапармен болып, кенттегі мәдениет үйінде кездесу өткізді.

Кездесу барысында аудан әкімі М.Мұхтаров Ақадыр кентінде ағымдағы жылы атқарылған және алда тұрған жұмыстарға қысқаша тоқталып өтті.

⇨2-ші бетте.

Салтанатты шара

МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРГЕ 30 ЖЫЛ

РӘМІЗДЕРІ ЕЛІМНІҢ - БОЙТҰМАРЫ ЖЕРІМНІҢ

⇨4-ші бетте.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

2022 ЖЫЛДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА “ШЕТ ШҰҒЫЛАСЫ” ЖӘНЕ “ШЕТ ӨҢІРІ” ГАЗЕТТЕРІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖАЛҒАСУДА

Shet shuǵylasy | Shet óniri

АУДАНДЫҚ “ШЕТ ШҰҒЫЛАСЫ” ГАЗЕТІНЕ 6 АЙҒА 1940 ТЕҢГЕ, БІР ЖЫЛҒА 3880.00 ИНДЕКСІ 65049

“ШЕТ ӨҢІРІ” ГАЗЕТІНЕ 6 АЙҒА 1957.60 ТЕҢГЕ, БІР ЖЫЛҒА 3915.20 ТЕҢГЕ ИНДЕКСІ 65060

АУДАНДЫҚ АПТАЛЫҚ БАСЫЛЫМДАРҒА “ҚАЗПОЧТА” АҚ ЖЕРГІЛІКТІ ЖЕРЛЕРДЕГІ БАЙЛАНЫС БӨЛІМШЕЛЕРІНЕ БАРЫП ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ.